



БЕКІТЕМІН
«ШКО» қызметтік білім беру
орталығы» ЖММ директоры
A. Ақылбек
2021 ж.

ШКО ТЖКБ жүйесі оқу орындарының арнайы пәндер оқытушылары
арасында «Арнайы пәндер бойынша ұздік шеберлік сынныбы»
облыстық қашықтан байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ

Өскемен қ., 2021 ж.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже ШКО ТЖКБ жүйесі оқу орындарының арнағы пәндер оқытушылары арасында «Арнайы пәндер бойынша ұздік шеберлік сындыбы» облыстық қашықтан байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу шарттарын, тәртібін айқындайды.

1.2. Байқауды ұйымдастырушы «Кәсіптік білім беру орталығы» КММ болып табылады.

1.3. Байқаудың мақсаты:

- педагогикалық қофамдастықтың өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, педагогтердің шығармашылық қызметі мен кәсіби шеберлігін дамыту.

1.4. Байқаудың міндеттері:

- педагогтердің кәсіби шеберлік деңгейін арттыру;

- білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамытудың жоғары нәтижелерін қамтамасыз ететін талантты оқытушылардың тәжірибесін қолдау және тарату;

- педагогтердің ақпараттық мәдениетін арттыру.

1.5. Байқауға бір қатысушыдан бір жұмыстан артық қабылданбайды.

2. Байқаудың мәні мен мазмұны

2.1. Байқаудың мәні оқытылатын пән тақырыптарының бірі бойынша шеберлік сабағының ұсынылған видеосы мен сценарийі болып табылады.

2.2. Техникалық регламент:

- шеберлік сындыбының сценарийі мен видеосы электронды түрде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қабылданады;

- сценарийдің титулдық бетіне қатысушының аты-жөні (толық), лауазымы, жұмыс орны, электрондық мекен-жайы кіруі керек;

- шеберлік сындыбының видеосы 10 минутқа есептелуі керек;

- шеберлік сындыбының мәтіні (сценарийі) doc форматында, A4 форматындағы параптар, кітап бағыты, Times New Roman қарпі, 14 кегль, бір жарым интервал, ені бойынша негізгі мәтін;

- пайдаланылған әдебиеттер мен интернет-ресурстардың тізімін сценарий сонында орналастырған жөн;

- шеберлік сындыбының сценарийі мен видеосын tipo.metod@mail.ru электрондық поштасына «Арнайы пәндер бойынша ұздік шеберлік сындыбы» белгісімен **2021 жылғы 31 наурыздан кешіктірмей** жолдау қажет.

3. Бағалау критерийлері

3.1. Жұмысты бағалау критерийлері, 0 - 1 балл аралығында есептеледі:

- таңдалған тақырыптың мазмұны мен техникалық регламентіне сәйкестігі;

- сценарийлік баяндаудың айқындылығы мен анықтығы;

- жалпы зияткерлік және мәдени деңгей;

- сценарийдің технологиялық және әдістемелік сауаттылығы;

- өзектілігі, практикалық және әлеуметтік маңыздылығы;

- әдістемеде немесе технологияда авторлық компоненттердің болуы;
 - тақырыпты заманауи деңгейде мендеруі.
- 3.2. Шеберлік сыныбының сценарийі мен видеосы білім беру сипатына ие болуы қажет, сондай-ақ жалпыға бірдей танылған ғылыми фактілерге қайшы келмей, этикалық нормаларға сәйкес келуі керек.
- 3.3. Байқау материалдары авторлық, яғни қашықтан өткізілетін байқауға тікелей қатысушы әзірлеген болуы тиіс.

4. Байқауды өткізу тәртібі

- 4.1. Байқау **2021 жылғы 9 сәуірде** өткізіледі.
- 4.2. Қашықтық байқауға қатысу үшін **өтінімдер (1-қосымша) 2021 жылғы 31 наурызға дейін қабылданады, 2021 жылғы 1-8 сәуір аралығында** қатысушылардың **байқау материалдарына сараптама жүргізіледі.**
- 4.3. Байқау нәтижелері ШҚО білім басқармасының және ШҚО кәсіптік білім беру орталығының сайттарында жарияланады.

5. Марапаттау

- 5.1. Облыстық қашықтан білім беру байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлері ШҚО кәсіптік білім беру орталығының дипломдарымен марапатталады.
- 5.2. Жеңімпаздар қатарына кірмеген байқау қатысушыларына сертификаттар табысталады.

Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары: 8/7232/700-590

(білім беру үрдісін әдістемелік сүйемелдеу бөлімі),

87055641848, 87015226811, 87079665396

**ШКО ТЖКБ жүйесі оқу орындарының арнайы пәндер оқытушылары
арасында «Арнайы пәндер бойынша ұздік шеберлік сыйныбы»
облыстық қашықтан байқауына қатысу үшін
ӨТІНІМ**

Оқу орнының атауы	Қатысушының аты-жөні (толық), лауазымы	Шеберлік сыйныбының тақырыбы, пәні	Ұсынылған жұмыс қай тілде	Байланыс телефонда ры, e-mail

Оқу орнының директоры _____ Аты-жөні
(қолы)

М.О.